

2014 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы ер азаматтарының Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тіркеуін және медициналық куәландыруын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2013 жылғы 14 қарашадағы N 28 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда N 2428 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің аппарат басшысы 26.06.2014 N 3.1.1-27/471 хаты).

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке қою мақсатында, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі **ШЕШТІ**:

1. 2014 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасы ер азаматтарының «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесінде (келісім бойынша) тіркеуі және медициналық куәландыруы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары М.Т.Науановаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н ә к і м і	
« К Е Л І С І Л Д І »	
«Солтүстік Қазақстан облысы	
Айыртау ауданының қорғаныс	
істері жөніндегі бөлімі»	
Республикалық мемлекеттік	
мекемесінің бастығы	
14 қараша 2013 ж.	
А.	Тастеміров
М.	Асқаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК